

Айтыс жанрының зерттелуінен

ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Айтыс түрік тектес елдерде ертеден бар екені белгілі. Бұған М.Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрік” атты жинағындағы “Қыс пен Жаздың” айтысын, сондай-ақ Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметіндегі” “Дозақ пен Пейіштің” айтысын дәлел ретінде айта аламыз. Зерделей қарасақ, бұлардың айтыс табиғатына тән белгі-сипаттары мол. Мұның екеуінде де қырғиқабақ, бітіспес бәсеке, андысу арқылы жеңуге деген құлшыныс пен дәлелге, аталы уәжге тоқталып, жеңілгенін ашық мойындаудың дәстүрлі кейбір көріністері бар. Осы жәйттар айтыстың көшпелі түрік тектес елдерде ерте замандардан-ақ ірге теуіп, ел өмірінің әр саласын зерделеп, бейнелеп келгенін аңғартады. Қазақ халық әдебиетіндегі айтыс дәстүрінің туып, қалыптасу тәжірибесіне зер салсақ, біздегі осындай туындылардың айтыс жанрының әбден кемеліне келген тұста ерекше қарқынмен дамығанын көрсетеді. Бұған қарағанда, айтыс өнері осы шығармалар туған заманда да, одан бұрынғы кезеңде де ел өмірінен кең орын алғанға ұқсайды. Бұл пікірдің дұрыстығын Қытай елі деректері де құптап мақұлдайды. Шыңжандық қазақ тарихшысы Н.Мыңжани “Қазақтың көне тарихы” атты еңбегінде Қытайдың “Тайпин Хиуаниуйжи” топтамасының “Түрік шежіресі” атты тарауындағы деректерге сүйеніп: “түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап бір-бірімен өлең айтысады... Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздегі ақындар айтысының мұнан мың жылдар бұрынғы Батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз” деп жазады [2, 35 б.].

Осындай жалпыхалықтық сипаты бар ауыл-аймақ көлеміндегі әр алуан мәнді жеңіл-желпі айтыстар келе-келе ақындар айтыстарымен қатар өмір сүріп келгені, тіпті соңғысы бұрынғысының дәстүрінен бастау алып жеке жанр болып қалыптасқаны мәлім. Тіпті, қайымдасу үлгілерінің ақындық айтысқа ұласуының өзі көшпелі өмірдің бір көрінісі ретінде ұзақ ғасырлар бойына созылып келген. Бұған қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдеріндегі кемелденген айтыс үлгілері айқын дәлел. Аталған халықтардың ғасырлар бойғы тұрмыс-салты мен кәсіп-тіршілігі, әдеби мұраның ауызша айтылып, ауызекі таралуы секілді үрдістер бұл жанрдың ерекше дамып кемелдене түсуіне қолайлы жағдай жасап келген. Ал енді, отырықшылыққа ерте көшкен татар, өзбек, түрік секілді елдерде ол кең етек ала алмай топтық түр күйінде ғана сақталып қалған. Осы аталған елдердегі көшпелі өмірдің сол айтыс жанрының кең қанат жайып дамуына, тіпті қазақ тұрмысы жағдайында өркендеп, өзінің шырқау шыңына шығуына себеп болғанын көреміз. Бұған әйгілі “Біржан мен Сара”, “Әсет пен Ырысжан”, “Ақсұлу мен Кеншімбай”, “Молда Мұса мен Манат қыз”, “Сүйінбай мен Қатаған”, “Жамбыл мен Құлмамбет” секілді айтыстар нақты дәлел бола алады. Мұндай роман

іспеттес келелі айтыстардың өзге түрік тектес бірде-бір елде жоқ екенін үлкен мақтанышпен айтып өтеді өз зерттеуінде М.Жармұхамедұлы [3, 22 б.].

Айтыс жанрының табиғи белгі-сипаттарын ашып саралағанда, оның ел дәстүрі мен соның кәсіп-тіршілігіне, таным-түсінігіне тікелей байланысты көрініс табатынын академик-ғалым М.О.Әуезов тап басып танып, ғылыми байсалдылықпен делелдеп берген еді. Осыған орай ғалым: “Халық әдебиетінің өркендеп дәуірлеген шағы – халықтың шаруасы күйлі, үдере көшіп ен жайлап, сауық-сайран, мереке-қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып, отырықшы тұрмысқа айналса, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды” – деп жазған еді [4, 230 б.].

Мұндай ойлы пікірлерді кезінде ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов та, ірі жазушы Сәкен Сейфуллин де айтқан болатын. Олар ашық аспан, таза ауа, табиғат аясында өскен қазақ халқының ой-қиялының жүйрік, ақындық қабілетінің күштілігін баса көрсетеді. Әсіресе, Уәлихановтың: “Ашық аспан, кең сахарда туған қазақ ешқандай қосалқы оқу-білімсіз-ақ табиғат мәпелеуімен өсіп жетіледі. Осыған қарамастан қазақ халқының жазылмай буыннан буынға тек ауызекі тарайтын бірден-бір тіл мұрасы: өз поэзиясы мен әдебиеті бар... Қазақтың жалпы ауызекі жырлары тікелей дала көріністері мен жүйрік ат, сұлу қыз әсерінен туған, сондықтан қазақ үнемі осылардың төңірегінен айналшықтап кетпейді” – деп көрсетуі де жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі [5, 115 б.].

Айтыс пен суырыпсалма өнері егіз, бірінсіз бірі жоқ. Суырыпсалмалық дарыны мен айтыс тәсілдерін, ұту, уәжбен тосуды еркін игеріп, ел жағдайын, қарсыласының әлсіз тұстарын жақсы білетін ақын ғана әр кез жеңіске жетіп отырған. Сол себепті – айтыс аталы уәж, ұтымды дәлелге құрылған екі қарсылас ақынның өлеңді қолма-қол шығарып айтқан сөз бәсекесі, өнер жарысы. Төрешісі – халық, немесе жұртқа қадірлі, дуалы ауыз ел ағасы. Бұлардың төрелігі қара қылды қақ жарғандай әділ де нақты болуға тиіс. Кейде сөз жүйесі мен уәжден тосылған ақынның өзі қанша қиын болса да тосылғанын ашық мойындап, өз кесімін білдіретін кездері де аз емес. “Ақын” деген құрметті атақты көпшілік осы бетпе-бет сайыста алғырлық, тапқырлық танытқан өрен жүйріктерге ғана беретін болған.

Айтыс өзінің мазмұны мен сипаты жағынан тұрмыс-салт жырларымен терең үндесіп, астасып отырады. Ол біздегі эпикалық, лиро-эпикалық жырларға түр беріп көркейтумен қатар, өзі де олардағы эпикалық әуен-үнді бойына сіңіре білген. Сөйтіп, өзге жанрларға елеулі ықпал-әсер етіп келген айтыс өнері өзінің сол синкреттік сипаттары арқылы олармен ғасырлар бойы иық тіресе, қатар дамып келді.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, тапқыр да алғыр ақын болса да, бетпе-бет бәсекеде айтылған шындықтан жалтарып кете алмаған. Олар қашан да шындыққа тоқталып, аталы сөз бен уәжге бас иетін болған. Мұны көбінесе, қанша қиын болса да, ақындардың өзі айтып, ашық мойындап келгенін көреміз.

Айтыс өлеңдерін жинап бастыруда, ол туралы салиқалы пікір айтушылардың алғашқы сапында Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин секілді зерттеушілер тұрды. Шоқан айтыстың саяси-әлеуметтік мәніне, сын мен мадаққа құрылатын сипатына мән берсе, В.В.Радлов айтысты “қайым өлең” деп жіктеп, халқымыздың ақынжанды, тапқыр-алғырлығына, шешендігіне таң қала сипаттайды. Ы.Алтынсарин айтыстың көркем үлгілерін өзі құрастырған Хрестоматияға енгізіп, оның тәрбиелік мәніне зер салады.

Айтыстың кең жиналып том-том күйінде жинақ болып басылуы Кеңес үкіметі тұсында іске асқаны мәлім. Осы игілікті істі ұйымдастырып насихаттауға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мұрындық болды. 1960 жылдардың бел ортасында Институт айтыс өлеңдерінің үш томдық жинағын жариялап, жүйелеп жіктеді, ғылыми түсініктер берді. Осы томдардың екі кітабы дәстүрлі айтысқа арналса, соңғы томы 1920-1957 жылдар арасындағы айтыс өлеңдерін қамтыды. Сол 1970 жылдардан бастап аталған Институт бұл жанрды түбегейлі зерттеуді қолға алып, жоспарға енгізді. Соның нәтижесінде айтыс жанрының табиғатын ашатын “Айтыстың даму жолдары” атты 10 баспа табақтық монографиялық еңбек жарық көрді. Зерттеу, жариялау жұмысының жалғасуы арқасында 1988 жылы осы Институт қызметкерлері айтыстың бұрын баспа көрмеген үш томын дайындап баспаға берді, алайда мұның екі кітабы ғана сол жылы жарық көрді. Аталған Институт қызметкерлері бұл жұмысты әлі күнге дейін жалғастырып келеді. Соның нәтижесінде 1989 жылы “Ғылым” баспасынан айтыс өлеңдеріне арналған “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының” 6 томын бастырып шығарды. Бұл томға көлемді де кесек 220 айтысқа ғылыми сипаттама беріліп, 600 шағын айтыстың тізімі берілді. Бұдан тыс 300 айтыс ақыны мен 140 жинаушының өмірі, айтыстары туралы қажетті мәліметтер жинақталды. Бұл деректердің біздегі айтыстың барлығын түгелдей қамти алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Өзге қорлар мен Ұлттық кітапхана қорындағы айтыстар бұл жинақта толық қамтылмай қалғанын ескерсек, айтыстың көп томдығын шығаруға әлі де мүмкіндік бар екенін назарда ұстанған жөн. Айтыстың бүгінгі, кешегі өмірді бейнелеудегі мән-маңызы мен жанрлық ерекшеліктерін мүмкіндігінше кеңірек қамтитын “Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры: тегі мен дамуы” атты көлемді монографияның жарық көргені де осы аталған Институттың елеулі табыстарының бірі деп бөліп атай аламыз.

Рас, осында айтылғандай, қыруар ғылыми жұмыстардың іске асуына кешегі аға буын өкілдерінің қадау-қадау түйіп айтқан тұжырымдары мен кезінде ұсынған бағыт-бағдарының зор ықпал-әсерін айту керек. Осы орайда ең алдымен ұлы тұлғалар А.Байтұрсынов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Ы.Дүйсенбаевтармен қатар, олардан кейінгі буын Р.Бердібай, С.Қасқабасов, М.Базарбаев, О.Нұрмағамбетова, М.Дүйсенов, Н.Төреқұлов, К.Сейдеханов, Е.Тұрсынов сынды зерттеушілерді атаған жөн. Бұлар осы жанрдың табиғаты мен әдебиетіміздегі орнын ашып белгілеуде айтарлықтай үлес қосты.

Аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынов «Айтыс» атты мақаласында және «Әдебиет танытқынышы» атты еңбектерінде айтыстың жанрдың жазба әдебиетке ұласу жолдарына, яғни “алаңдық айтыс-тартысқа” ауысуына мүмкіндігі мол екеніне ерекше мән берген. Ахмет Байтұрсынов осы мәселеде: “Сөз өнерінің бұл түрі Европа тілінде тек “айтыс” мағынада емес, “айтыс-тартыс, арпалыс” мағынада ұғылады. Біздің қазақ Европа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақтың айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң айнасына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды” – деп жазған болатын [6,331 б.].

Автор айтыс өлеңдерінің өзіндік белгі ерекшеліктері мен қайталанбас жанрлық сипатын сөз еткенде де, оның қара сөздегі әзілді сөз, “ерегіспен” байланыс-бірлігін астастыра отырып, қазақтағы айтыстың тек өлеңмен ғана айтылатынына зер салады: “Айтысқанда екі күрескен палуандар сияқты бірін-бірі аңдиды, бір-бірін жығу үшін істейтін әдіс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да істейді. Айтысқанда жай сөзбен айтыспай өлеңмен айтысады. Сондықтан өлеңмен ғана айтысу “айтыс” деп аталады. Өлеңсіз айтыстың аты ерегіс болады. Бәлки, өлең айтыс та о басында әзілден, ерегістен шыққан болар... Күрескенде күшке әдіс керек болу сияқты айтысқанда, ақындыққа да әдіс серік болады. Әдісі жоқ әйдік ақынды әдісті анау-мынау ақын жеңіп кетуі мүмкін... Айтысқанда ақындар көбінесе бірінің-бірі басындағы, еліндегі міндерін айтып тоспақшы болады. Айтыстың бұл жағынан әлеумет алдында пайдасы зор” дей келіп, айтыс өтіп болған соң, оған бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының сөзін өзі шығаратын болған” – дейді [6, 408-бет].

Айтыс өлеңдерінің шығу тегі мен оның жанрлық ерекшеліктерін ашып белгілеуде академик жазушыларымыз М.Әуезов пен С.Мұқановтың еңбектері аса зор. М.Әуезов айтыстың тұрмыс-салт жырларынан бастау алып жеке жанр болып қалыптасуына мән беріп, оның тартысты, қызуқанды драмалық белгілеріне зер салса, С.Мұқанов айтысты халық өміріндегі орны мен мәніне, көркемдік сипаттарына қарай талдап бағалайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
2. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
3. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001. – 200 б.
4. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. Алматы:ҚазССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – Т.1. – Б.229-266.
5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинении в 5 томах. Алма-Ата, 1985. - 431 б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. // Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991, 409-бет